«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

№ 08-11-69/96
04.04.18

«Күзет агенттігі Арлан-Атырау»
ЖШС-нің директоры Р.Р.Куркембаевқа

Мекен жайы: Атырау қ., А.Құнанбаев к-сі 19а,
Тел: 8 7122 24-18-11, ұялы тел: 8 702 116 20 02

Атырау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Сіздің 06.03.2018 жылғы №6763 *(13.03.2018 жылы №3Т-К-69 санмен тіркелген)* «Махамбет аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ-ғы КМК-на *(хабарлама 09.02.2018 жылы жарияланған №2272859-2 «Күзет қызметін сатып алу»)* қатысты жазылған арызыңызды қарап, хабарлайды:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген" Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Ереженің *(әрі қарай - Қағида)* 154 тармағында *«конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді. Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды»* деп көрсетілген.

Сонымен қатар, Қағиданың 2 қосымшасына сәйкес бекітілген конкурстық құжаттаманың 6 қосымшасының 1 ескертпесінде *«егер осы конкурста қызметтерді көрсету тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылады»* деп аталған.

Осы ретте, «Күзет агенттігі Арлан-Атырау» ЖШС-мен Қағиданың 6 қосымшасына сәйкес берген біліктігі туралы мәліметте 2017-2018 жылдар қызмет көрсеткендігі көрсетіліп, растаушы құжаттары актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері берілген.

Бұл ретте, конкурстық комиссиямен жоғары аталған Қағиданың талаптары бұзылып, «Күзет агенттігі Арлан-Атырау» ЖШС-не 1 % көлемінде шартты жеңілдік берілмеген.

Осыған орай, ұйымдастырушыға аталған бұзушылықтарды жою жөнінде хабарлама жолданды.

Берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда, ҚР-ның «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның талаптарына сәйкес, сотқа шағымдануға құқығыңыз бар екендігін қаперіңізге береміз.

Департамент басшысының орынбасары **Б.Анжанов**

Орын:Ж.Ерболұлы
Тел:87122319038